

«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

НОВАТОР

20 мамыр
2022 жыл
ЖҰМА
№ 10 (4498)

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



ВИКТОРИНА ОПРЕДЕЛИЛА
ЛИДЕРОВ ПРОИЗВОДСТВ



ЖҮЙРІКТЕН ЖҮЙРІК ОЗАР
ЖАРЫСҚАНДА

Химия өнеркәсібі қызметкерлері күнімен!

С Днем работников химической промышленности!

ҚҰРМЕТТІ ЗАУЫТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ! ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Химия өнеркәсібі қызметкерлері күнімен құттықтаймын!

Қазақстанда Химия өнеркәсібі қызметкерлері күні дәстүрлі түрде мамырдың соңғы жексенбісінде атап өтіледі. Мереке – түрлі саладағы мамандарды, химиктерді, технологтарды, инженерлерді, экологтарды, яғни өз өмірін химия мен химия өнеркәсібін зерттеуге арнаған адамдарды біріктіреді.

Осындай ғылымды қажетсінетін сала, басқа да маңызды салалар сияқты Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор ықпалын тигізеді. Атырау МӨЗ отандық мұнай өндеу саласының тұңғыш кәсіпорны болып қана қоймай, мұнай-химия саласын да бірінші боп бағындырды. Өндірісті ауқымды жаңғыртудың арқасында біз зауыттың қуатын, мұнай өндеу тереңдігін және ашық түсті мұнай өнімдерінің шығымын едәуір арттырып, отынның жаңа түрлерін шығара бастадық. Бүгінгі күні АМӨЗ республика аумағындағы қосылған құны жоғары мұнай-химия экспортына бағдарланған өнім - бензол мен параксилолдың жалғыз өндірушісі болып табылады. Бұл отандық мұнай-химия саласының дамуына және мұнай-химия кластерінің іргетасын қалауға ықпал етеді.

Бізді болашақта да сәттіліктер мен жаңа жетістіктер күтіп тұрғанына сенімдімін. Біз бірге бұдан да көп нәрсеге қол жеткізе аламыз. Яғни бұрынғыша бар ынтамызбен жұмыс істеуді, жарқын еңбек рекордтарын орнатуды жалғастыра аламыз.

Сіздерге зор денсаулық, отбасылық бақыт және амандық тілеймін. Еңбегіңіз жемісті болсын!

«АМӨЗ» ЖШС бас директоры

Арман ҚАЙРДЕНОВ

УВАЖАЕМЫЕ ЗАВОДЧАНЕ! ДОРОГИЕ ВЕТЕРАНЫ! Поздравляю вас с профессиональным праздником – Днём работников химической промышленности!

В Казахстане День химика традиционно отмечается в последнее воскресенье мая. Праздник объединяет людей самых разных специальностей — химиков, технологов, инженеров, экологов, всех, кто посвятил свою жизнь изучению химии и химической промышленности.

Такая наукоемкая отрасль, как и другие не менее важные сферы, оказывает огромное влияние на социально-экономическое развитие Казахстана. Атырауский НПЗ стал не только пионером отечественной нефтепереработки, но и первым начал осваивать нефтехимическую отрасль. Благодаря масштабной модернизации производства нам удалось значительно увеличить мощность завода, глубину переработки нефти и выход светлых нефтепродуктов, начали производить новые виды топлива. На сегодняшний день АНПЗ является единственным производителем бензола и параксилола на территории республики – нефтехимической экспортноориентированной продукции с высокой добавленной стоимостью, что способствует развитию отечественной нефтехимической отрасли и созданию фундамента для нефтехимического кластера.

Уверен, впереди нас ждут новые свершения и успехи. Вместе мы сможем достичь еще большего: по-прежнему работать с полной самоотдачей, продолжать ставить яркие трудовые рекорды.

Позвольте пожелать вам крепкого здоровья, семейного счастья и благополучия. Успехов вам и плодотворной работы!

Генеральный директор ТОО «АНПЗ»

Арман ҚАЙРДЕНОВ

ҚАҰЫПСИЗДИК

САПА

ТУРАҚТЫЛЫҚ



БЕЗОПАСНОСТЬ

КАЧЕСТВО

СТАБИЛЬНОСТЬ

МАҢЫЗДЫ

ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНА ТҮЗЕТУЛЕР БОЙЫНША РЕФЕРЕНДУМ 5 МАУСЫМЫНДА ӨТЕДІ

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 1-тармағына, «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 18-бабына сәйкес қаулы етемін: республикалық референдум 2022 жылдың 5 маусымда өткізілсін», - делінген Ақорданың ресми сайтында 5 мамыр күні жарияланған Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығында.

Заң жобасы республикалық референдумға мынадай сауалмен шығарылатын болады: «Сіз 2022 жылдың 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы Қазақстан Республикасының заңының жобасында баяндалған өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?»

Қазақстандықтар барлық түзетулерді «жақтап» немесе «қарсы» дауыс беретін болады.

29 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясында Мемлекет басшысы Конституцияға түзетулер енгізу бойынша республикалық референдум өткізуді ұсынған еді.

- Бүкілхалықтық дауыс беру арқылы Конституцияны өзгерту халықтың ерік білдіруінің жарқын көрінісі. Референдум әрбір азаматқа ел тағдырын шешуге тікелей қатысуға мүмкіндік береді және жан – жақты демократияландыру мен жаңа Қазақстанды құру жөніндегі бағытымызды нығайтады, - деді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында.

Естеріңізге сала кетейік, 22 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Конституциялық Кеңеске Конституция баптарының үштен бір бөлігіне өзгерістер енгізу туралы заң жобасын енгізген болатын. Бұл түзетулер Қазақстан халқына жолдауында ұсынылған саяси бастамаларды іске асыру үшін қажет. Олардың негізгілері: Қазақстан суперпрезиденттік басқару нысанынан мықты Парламентті бар президенттік басқару нысанына ауысады; Президент туыстарының жоғары мемлекеттік лауазымда қызмет етуіне тыйым салынады; жер және оның қойнауы халыққа тиесілі болуы тиіс; қазақстандықтар Конституциялық сотқа өз бетінше жүгіне алады; мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылады; сенаттағы президенттік квота қысқарады, мәжілістегі ҚХА квотасы жойылады; мажоритарлық жүйе депутатты сайлаушылардың қалауы бойынша кері шақыртып алуға мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының толық нұсқасы екі тілде «AMOZ ALEM» телеграм-арнасында және Lotus жүйесінің барлық пайдаланушыларына таратылды.

ВАЖНО

РЕФЕРЕНДУМ ПО ПОПРАВКАМ В КОНСТИТУЦИЮ РК СОСТОИТСЯ 5 ИЮНЯ

«В соответствии с пунктом 1 статьи 91 Конституции Республики Казахстан и статьей 18 Конституционного закона Республики Казахстан «О республиканском референдуме» постановляю: провести 5 июня 2022 года республиканский референдум», - говорится в Указе Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева, который был опубликован 5 мая на официальном сайте Акорды.

На республиканский референдум проект закона будет вынесен со следующей формулировкой вопроса: «Принимаете ли Вы изменения и дополнения в Конституцию Республики Казахстан, изложенные в проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», опубликованном в средствах массовой информации 6 мая 2022 года?»

Казахстанцы будут голосовать «за» или «против» всего пакета поправок.

Как известно, 29 апреля на XXXI сессии Ассамблеи народа Казахстана глава государства предложил провести республиканский референдум по поправкам в Конституцию.

- Изменение Конституции через всенародное голосование станет яркой демонстрацией народного волеизъявления. Референдум позволит каждому гражданину принять непосредственное участие в решении судьбы страны и укрепить наш курс на всестороннюю демократизацию и построение Нового Казахстана, - сказал Президент в конце апреля на сессии Ассамблеи народа Казахстана.

Напомним, 22 апреля Президент Казахстана внес в Конституционный совет законопроект о внесении изменений в треть статьи Конституции. Поправки нужны для реализации политических инициатив, выдвинутых в Послании народу. Основные из них: Казахстан переходит от суперпрезидентской формы правления к президентской с сильным Парламентом; родственникам Президента запрещается занимать высокие государственные должности; земля и ее недра должны принадлежать народу; казахстанцы смогут самостоятельно обращаться в Конституционный суд; депутатский корпус Мажилиса будет формироваться по смешанной избирательной системе; президентскую квоту в Сенате сократят, квоту АНК в Мажилисе упразднят; мажоритарная система позволит отозвать депутата по желанию избирателей.

Полная версия проекта закона «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан» на двух языках опубликована в телеграм-канале «AMOZ ALEM» и расслана всем пользователям системы Lotus.

МАРАПАТТАУ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА...

28 сәуір - Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні. Осы күннің аясында Атырау облысы көлемінде мерекелік іс-шара өтті. Атаулы күн ең алғаш 1989 жылы шетелдік кәсіпорындарда зардап шеккендер және дүниеден ғайып болған жандарды еске алу мақсатында 2003 жылдан бері ресми түрде атап өтілуде.

Осы жиынға «АМӨЗ» ЖШС Кәсіподақ ұйымы және зауыт қызметкерлері қатысқан болатын. Зауытта жылдар бойы қауіпсіздік пен қатаң тәртіптен қалт етпей еңбек еткен еңбекті және қауіпсіздікті қорғау қызметінің инженері М.Түзелбаев облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ технологиялық қондырғы операторы С.Тажиков облыс мәслихатының алғыс хатына ие болды. Көкс және күкірт өндіру өндірісінің үйлестіруші координаторы, Кәсіподақ мүшесі Ж.Түлеуов «АМӨЗ» ЖШС Кәсіподақ ұйымының еңбек ұжымында тұрақтылықты сақтау шеңберіндегі қызметі жөнінде қысқаша баяндама берді. Мерекелік шарада технологиялық қондырғы операторы Ғ.Хамзаев қатысушыларға арнап «Туған жер» атты музыкалық нөмірмен ән ұсынды.

Президентіміз Қ.Тоқаевтың



әлеуметтік қатынастарды қалыптастыруға, жұмысшылардың құқықтық сауаттылығы мен белсенділігін арттыруға, еңбек даулары реттеуге Кәсіподақтардың қатысуына үлкен көңіл бөлу қажеттігін тапсырған болатын. Келешекте еңбек адамының мүддесі мен құқығын қорғауда зауыт

әкімшілігі мен Кәсіподағымыз бірлесе үлкен күш жұмсайтынына сенімдімін.

Мөлдiр БОРАШЕВА,
«АМӨЗ» ЖШС
Кәсіподақ ұйымының өкілі

Суретке түсірген
Данияр МҰХАМБЕТОВ

БЕЙБІТШІЛІК – ӘЛЕМ ТІЛЕГІ

АРДАГЕРЛЕРІМІЗ – АРДАҚТЫЛАРЫМЫЗ!

Жыл сайын мамыр айында майдан даласында жанқиярлықпен шайқасқан ардагерлерді және тылда жанкешті еңбек еткен әр еңбеккерді ұлықтау дәстүрі биыл да жалғасын тапты. Атырау мұнай өңдеу зауытының басшылығы мен Кәсіподақ ұйымы бірлесе отырып 3 Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің жесірлеріне және 16 тыл еңбеккерлеріне ақшалай сыйақы мен тәттіге толы себет сыйлады.

Жасы келген қарияларымыз қолдаушылардың арасында жастар көп болғанына ерекше қуанды. Әрине, қанды қырғында туған елін қорғаған ардагерлеріміздің және тылда еңбек еткен қариялардың ерлік істері жас ұрпаққа тәлім болар өнеге екені сөзсіз. Көпті көрген ардагерлеріміз осы жолы да зауытқа деген алғыстарын білдіріп, батасын берді.

- Соғыс мезгілінде 11 жасымыздан бастап тылда жұмыс жасадық. Жалаң бас, жалаң аяқ, қарнымыз ашып қолхоздың егінін жинайтынбыз. Сол кезде әкеміз, аға бауырларымыз соғысқа кеткен. Ешбірі қайта оралмады. Сол кездегі бар жағдайды айтар болсам көкіреміз сайрай түсетіні анық. Қазіргі кезде соғыс аяқталып, үлкен дәрежеге жетіп отырмыз. Бейнеттің бір дәулеті, рахаты болады. Сұрапыл соғыстан ағаларымыз келмесе де олардың жанында жүрген бауырларымыз қайта оралып, Қазақстанымыздың жерін қайта жаңартуға себепші болды. Елбасымыздың, үкіметіміздің, халқымыздың амандығын тілеймін. Ендігі кезекте туымызды көкке көтерер жастар, сіздерсіздер! Барлық жұмысты аянбай еңбек етіңіздер! Зауытта 22 жыл қызмет еттім. Мені есіне түсіріп, құрметіне бөлеген зауыт ұжымына алғысымды білдіремін, - деді тыл еңбеккері Мария Кабиева.

- Жаксылық үшін жұмыс жасаңыз! Сіздің жұмысыңыз



міндетті түрде жемісін береді. Жасаған қызметіңіздің нәтижесінде адамдар сізге жақсы қарым-қатынас қалыптастырады. Болашақта адал қызметіңіздің нәтижесінде көп зейнетақы аласыз. Қоғам алдында өздеріңізге жүктелген жауапкершілікті ала білу керексіздер. Себебі болашақта сіздер – ана, әке боласыздар! Ең бастысы, жақсы көріңіз және сізді жақсы көрсін, - деді тыл еңбеккері Николай Сергеевич.

Біз бейбітшіліктің қандай бағамен келгенін білеміз. Сол сұрапыл соғыста ел басына күн туып, ер басына мұң ұялаған кезде ардагерлеріміздің және тыл еңбеккерлеріміздің бізге бейбіт өмір сыйлаудағы қажырлы ерен еңбектері үшін олардың алдында бас иеміз. Биылғы ардагерлерімізді ұлықтау дәстүрі зауыт жастарының

белсенді қатысуымен ерекшеленді. «Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Біз осындай жандардың ерліктеріне сый-құрмет көрсете отырып, олардан өнеге алып өсетін жас ұрпақ келешекте Отанына адал қызмет етеді деп сенеміз, - деді «АМӨЗ» ЖШС Кәсіподақ ұйымы төрағасының орынбасары Бақыт Өтебали.

Ардагерлеріміздің, аға ұрпақ өкілдеріміздің еңбегін айтып жеткізу қиын. Олардың жастық шақтары Ұлы Отан соғысының сұрапыл кезеңімен қатар келді. Олар қаламыздағы шаруашылықтарды қалпына келтіріп, күйзелген елдің еңсесін қайта көтерді. Сарғайса да тарихтың ақ парағы болып, олардың қиын күндері мәңгі есімізде қалар.

Айдана ҚАНАТАЕВА
Суретке түсірген
Алтай СУЕНОВ

ДЕНЬ ОХРАНЫ ТРУДА

ВИКТОРИНА ОПРЕДЕЛИЛА ЛИДЕРОВ ПРОИЗВОДСТВ

Ежегодно 28 апреля отмечается Всемирный день охраны труда, который призван напомнить о необходимости содействия предотвращению несчастных случаев и заболеваний на рабочих местах. В этот день во всех странах мира профсоюзные организации и специалисты в сфере охраны труда проводят широкомасштабные кампании. Всемирный день охраны труда был широко отмечен и на Атырауском нефтеперерабатывающем заводе. С 27 по 28 апреля производственный совет, служба безопасности и охраны труда совместно с профсоюзной организацией завода провели ряд мероприятий.

ПОДАРОК ЗА ЗНАНИЕ ПРАВИЛ

В первый день, 27 апреля, конкурсная комиссия организовала объезд технологических установок с целью осмотра операторных, правильности оформления уголков по технике безопасности, ведения документации и соблюдения правил охраны труда. Вместе с тем на местах проводились мини-тестирования, по итогам которых 75 работников завода получили поощрительные призы - календари, блокноты, футболки, бейсболки с символикой ТОО «АНПЗ». Всего в акции приняли участие 98 заводчан.

БИТВА БЫЛА ЖАРКОЙ

Ко второй части праздничных мероприятий служба БиОТ подготовилась заранее – предварительно всем производственным подразделениям были разосланы приглашения и правила викторины с разъяснениями, сколько участников и команд должны участвовать в основном мероприятии. И, наконец, 28 апреля в инженерном центре состоялось главное действо – тридцать восемь заводчан прибыли защищать честь своего подразделения в увлекательном соревновании. В викторине приняли участие команды ПИТН, ПКИС, ПТИЭЭ, ППП, ППН, ИЦ «ЦЗЛ», ПАУ и ППНГО.

Открывал финальную часть торжественных событий начальник службы безопасности и охраны труда Арман Димукашев, который, поприветствовав участников викторины и поздравив присутствовавших, пожелал всем удачи. В свою очередь представитель профсоюзной организации Мөлдір Борашева рассказала о важности отмечаемой даты и необходимости совершенствовать свои знания в вопросах безопасности. Ведущий инженер по безопасности и охране труда Ирина Ульянкова, отметив, что основной темой викторины станет программа «Near-Miss», разъяснила основные правила и призвала участников состязания ответственно относиться к заданиям и следить за временем.

Изначально планировалось, что в викторине попытают свои силы восемь команд по пять человек в каждой. Однако в день проведения соревнований две команды заявили о намерении сыграть с четырьмя участниками. Таким образом в финале выступили тридцать восемь человек.

В первом командном конкурсе на внимательность участникам предстояло в течение десяти минут выявить и указать большее количество нарушений на картинках, которые были розданы в запечатанных конвертах. При этом те, кто быстрее справился с заданием, получили преимущество. В итоге раньше всех в дебюте встречи ответы представила команда ППНГО, которой понадобилось всего пять минут на раздумья.

В ходе викторины участники определяли причину возникновения «Near-Miss», потенциально опасного происшествия, возможные последствия и предложить меры для их недопущения в будущем. В индивидуальном же конкурсе каждому игроку раздавались тесты на определение уровня знаний по БиОТ, были показаны примеры с несоответствиями в части



небезопасных действий и условий, небезопасными условиями, а также «Near-Miss», где они должны были определить принадлежность к каждой группе.

Судейская коллегия в процессе проведения викторины успевала проверить заполненные листы с ответами, подсчитывать очки, набранные командами, и сообщать предварительные результаты. По завершении всех туров игры были подведены окончательные итоги. Итак, в командном зачете места распределились следующим образом: первое место завоевали девушки ИЦ «ЦЗЛ» (59 баллов), второе место – за ППП (58 баллов) и третье место досталось ППП (53 балла).

Набравшие одинаковое количество очков Дмитрий Смирнов и Алия Кадыргалиева поборолась за главный



приз в индивидуальном конкурсе, в то время как оператор технологической установки ПППН Аймир Санаев сразу же был признан «бронзовым» призером. Однако последовавшая суперигра снова не выявила победителя – оба финалиста показали идентичные результаты. Таким образом, итог подвел финал с приставкой «супер», где Алия и Дмитрий бились уже до самого конца. В напряженной и, надо отметить, честной борьбе победу все же одержала Алия Кадыргалиева - лаборант по химреактивам ПТИЭЭ, а электромонтер по ремонту электрооборудования ПТИЭЭ Дмитрий Смирнов довольствовался «серебром». Оба участника поблагодарили организаторов мероприятий за

насыщенность праздничной программы, подчеркнув креативность и необычность нового формата проведения Всемирного дня охраны труда.

НАГРАДА ЗА СТАРАНИЕ

На торжественной церемонии чествования победителей, состоявшейся 5 мая, председатель профсоюзной организации ТОО «АНПЗ» Галимжан Амантурлин, поздравив всех участников мероприятий, посвященных Всемирному дню охраны труда, приступил к вручению наград. Команда испытательного центра «ЦЗЛ», которая заняла первое место, получила почетную грамоту, ее представляла капитан - лаборант

химического анализа Элеонора Орналиева. Сумма призового вознаграждения от профсоюзной организации составила 100 тысяч тенге. «Серебряный» призер – ПППН – за второе место стал обладателем конверта с 70 тысячами тенге. За третье место команда ППП была награждена 50 тысячами тенге.

Для поздравления и награждения победителей в индивидуальном конкурсе на сцену был приглашен управляющий среды и гражданской защиты Адилет Шошанбасов. Лаборант по химреактивам ПТИЭЭ Алия Кадыргалиева за первое место была поощрена почетной грамотой и призовым вознаграждением в сумме 50 тысяч тенге, электромонтер по ремонту электрооборудования ПТИЭЭ Дмитрий Смирнов за второе место получил 40 тысяч тенге, а за третье место оператор технологической установки ПППН Аймир Санаев – 30 тысяч тенге. Кроме того, поощрительные призы по 10 тысяч тенге за участие в викторине были вручены 21 работнику завода.

Новый формат мероприятий, в рамках которых отмечался Всемирный день охраны труда, по мнению заводчан, заставил всех причастных еще раз задуматься о важности обеспечения безопасной среды на рабочем месте. Кроме того, состязательный характер викторины привнес новизну, вызвав искренний интерес и азарт со стороны их участников.

Шынар ТЕКЕЕВА
Фото Данияра МУХАМБЕТОВА,
Алтая СУЕОВА

НА БУДУЩЕЕ

МОТИВАЦИОННЫЕ ЛЕКЦИИ ОТ МОЛОДЕЖИ ЗАВОДА

Каждый год, накануне завершения учебного года, молодые специалисты Атырауского нефтеперерабатывающего завода встречаются с учащимися 9-11 классов городских школ, чтобы рассказать им о своей работе и подсказать, как правильно подходить к выбору профессии.

На днях члены совета молодых специалистов при активном содействии департамента управления персоналом и оплаты труда АНПЗ провели встречи с учениками средней школы №20 имени А. Пушкина и областного лицея имени Ж. Досмухамбетова для одаренных детей. На своеобразных лекциях, предполагавших свободное двустороннее общение, представители завода рассказали школьникам о своих профессиях, о том, на что стоит обратить внимание будущим абитуриентам при выборе специальности.

К примеру, оператор пульта управления Галым Сагидолла посоветовал ученикам средней школы №20 подходить к этому вопросу очень и очень серьезно:

- Если вы хотите работать на нашем заводе, то вам будет просто необходимо уже сейчас взяться за дело, внимательно отнестись к такому важному предмету, как химия. Активно участвуйте в олимпиадах, различных мероприятиях, общайтесь, знакомьтесь с новыми людьми, расширяйте свой кругозор. Все это вам сильно пригодится в дальнейшем, - напутствовал он ребят.

Выпускник Астраханского государственного технического университета, а ныне оператор ПАУ Рафаэль Фаткеев предложил «налегать» на физику, на своем примере рассказав о программе «Жас маман», благодаря которой он был принят на работу на АНПЗ и за два года сумел добиться заметных успехов.

В актовом зале лицея имени Ж. Досмухамбетова гостей из Атырауского НПЗ ждали учащиеся девятых, десятых и одиннадцатых классов, которые, внимательно выслушав выступления лекторов, задавали вопросы и полушутя-полусерьезно интересовались размером заработной платы заводчан. Однако, по словам начальника установок олигомеризации, обессеривания СУГ и газофракционирования Даулета Кубеса, на самом деле достойная оплата труда является одной из самых приоритетных задач для руководства Атырауского НПЗ. На своем собственном примере он рассказал собравшимся о том, как подающий надежды молодой сотрудник может за несколько лет пройти короткий путь от новичка до руководителя.

- Конечно, для этого вы должны твердо решить для себя, чего именно вы хотите добиться в своей жизни. Лично я советую вам обратить внимание на наш завод, который всецело поддерживает различные социальные программы и содействует развитию молодых кадров. Здесь вас ждет отличный карьерный трамплин. Приходите к нам работать! - обратился к школьникам Д. Кубес.

Как отметила заместитель директора по учебной части областного лицея им. Ж. Досмухамбетова Гуляим Иманова, лекции заводчан - правильное дело.

- Я считаю, что, раз мы живем в Атырау, то всех нас должны заботить вопросы поддержки местных кадров. Было бы хорошо, если выпускники нашего лицея выбирали те специальности, которые необходимы региону, а потом могли работать в родном городе. Тем более, около 65-70% наших ребят получают государственные гранты. Поэтому, думаю, подобные встречи очень нужны и полезны для детей, - сказала Г. Иманова, поблагодарив представителей завода за визит.

Шынар ТЕКЕЕВА

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В связи с проведением инвентаризации просьба всем владельцам дачных участков садоводческого общества «Нефтепереработчик», которое находится по адресу: Атырауская область, Кайыршақтинский сельский округ, поселок Талгайран, пройти регистрацию и оплатить членские взносы.

Обращаться к председателю садоводческого общества «Нефтепереработчик» Елене Кузурман по телефону: +7 778 648 83 76.

СПОРТ – БЕЙБИТШІЛІК ЕЛШІСІ

ЖҮЙРІКТЕН ЖҮЙРІК ОЗАР ЖАРЫСҚАНДА

9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай «АМӨЗ» ЖШС Кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен зауыт және аутсорсингтік компаниялар қызметкерлері арасында теннистен және волейболдан турнир өтті. Бұл жарыс 2 мамыр күні қаламыздағы Х.Досмухамедов атындағы университеттің «Жайық» спорттық кешенінде болды.

Жарыстың мақсаты – кәсіпорында спорт саласын одан әрі жетілдіру, салауатты өмір салтын қалыптастыруда денсаулықты сақтау, жоғары этикалық стандарттарға негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту.



Волейбол жарысы 3 партиядан өтті. Алғашқы 2 партия 25 ұпайға дейін саналып, соңғы партия 15 ұпайға дейін саналды. Әр командаға нөмірмен белгіленген форма киіп келу шарт болды. Волейбол жарысынан мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін тереңдетіп күкіртсіздендіру өндірісінің (ППНГО) командасы I орын, күкірт және кокс өндірісі (ПКИС) II орын, мұнайды тереңдетіп өңдеу өндірісі (ПГПН) III орын, орталық аппарат «Зауыт басқармасы» IV орынды жеңіп алған болатын. Белсене қатысқан командалардың қатарында «Эр Ликид Мұнай Тех Газы» ЖШС және «Нефтестройсервис ЛТД» ЖШС еншілес ұйымдары болды. Сонымен қатар теннис жарысына 11 адам қатысты. Теннис жарысынан ақпараттық жүйелердің маманы Владислав Тен I орын, күкірт және кокс өндірісінің техникалық қондырғысының операторы Асылбек Темешев II орын, әкімшілік бөлімінің жетекші маманы Мадина Өтепбергенова III орынды жеңіп алды.

- Екі жыл қатарынан жеңімпаз атанып келемін. Теннисті 20 жылдан аса уақыт ойнаймын. Бұл ойынға

қызығушылығым мектеп кезінен басталды. Бұл - менің сүйікті спортым. Зауыт тарапынан сүйікті спортыма бағымды сынауға мүмкіндік берілгеніне қуаныштымын. Сол үшін «АМӨЗ» басшылығы мен Кәсіподақ ұйымына жеке алғысымды білдіремін. Ал жеңімпаз атану үшін спорт кешеніне ертерек келіп, кеш қайту керек, - деді «АМӨЗ» ЖШС ақпараттық жүйелердің маманы Владислав Тен.

- Өзіме жан-жақты болған ұнайды. Бала кезден футбол, баскетбол ойындарын жақсы көремін. Бос уақытыма міндетті түрде жаттығумен айналысамын. Болашақта балаларымды спортқа жақын және салауатты өмір салтын ұстанатын ұрпақ етіп тәрбиелеймін, - деді «АМӨЗ» ЖШС мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін тереңдетіп күкіртсіздендіру өндірісінің машинисі Ержан Жұмабеков.

Айта кетейік, 6-мамырда «АМӨЗ» ЖШС Кәсіподақ ұйымы төрағасы Ғалымжан Амантурлин және «АМӨЗ» ЖШС еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және азаматтық қорғаныс жөніндегі басқарушы директор Әділет Шошанбасов, «Үздік байланыстырушы» номинациясымен орталық аппарат «Зауыт басқармасы» еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және азаматтық қорғау жөніндегі басқарушы директор Әділет Шошанбасов, «Үздік байланыстырушы» номинациясымен орталық аппарат «Зауыт басқармасы» бас технологтың міндетін атқарушы Наил Хакимов, «Үздік бұғаттаушы» номинациясымен «Эр Ликид Мұнай Тех Газы» ЖШС техникалық қондырғы операторы Алпамыс Хилимов марапатталды. Үстел теннисі турнирінен «Әдемі ойын» номинациясымен «Нефтестройсервис ЛТД» ЖШС еншілес ұйымының электр монтері Әлібек Өтегенов, «Ойын дженіттері» номинациясымен орталық аппарат «Зауыт басқармасы» жөндеуді жоспарлау жөніндегі инженері Сәкен Қуантыров, «Жауынгерлік рух» номинациясымен зауыт зейнеткері Илияс Қалмұрзиев марапатталды.

Айдана ҚАНАТАЕВА

Суретке түсірген

Алтай СУЕНОВ



СҰРАДЫҢЫЗ БА? ЖАУАП БЕРЕМІЗ!

ЕГЕР ТҮСКІ АС ДӘМДІ БОЛМАСА...

Гидрогендік процесстер өндірісі және мұнайды тереңдетіп өңдеу өндірісінен сұрақ: «Қазіргі уақытта кезекпен шығатын персоналдың асханада тамақтану мүмкіндігі жоқ, сол себепті тамақ термос арқылы жеткізіледі. Тамақтың сапасы жоғары емес. Тамақ сапасына жауапты адамдар бақылауды күшейте ме?»

Жауап: «АМӨЗ» ЖШС-де 2020 жылдың 31 желтоқсандағы №601н бұйрыққа сәйкес «АМӨЗ» ЖШС қызметкерлері арасынан арнайы уәкілетті бракераж комиссиясы сайланды. Олар тамақтанудың дұрыс ұйымдастырылуын, тағам дайындау және шығарылатын өнімнің технологиясын және сапасын сақтау, сондай-ақ тамақтану пункттерінде тамақ тарту кезінде санитариялық-гигиеналық талаптарды бақылауды жүзеге асырады.

Бракераж-бұл органолептикалық көрсеткіштер арқылы үлгіні алу, яғни өнімнің сыртқы түріне және оның дәміне бағалау жүргізу.

Бракераж комиссиясы «АМӨЗ» ЖШС құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерінен тұрады.

Ескертулер мен ұсыныстар туындаған жағдайда бракераж комиссиясының мүшелеріне, сондай-ақ қызметкерді басқару бөлімінің маманына 59-7-30 нөмірі бойынша жүгіне аласыз.

Мәселені шешу үшін сауалыңыз бракераж комиссиясына жіберіледі.

СПРАШИВАЛИ? ОТВЕЧАЕМ!

ЕСЛИ ОБЕД НЕВКУСНЫЙ...

Вопрос от ПГП и ПГПН: «На данный момент у сменного персонала отсутствует возможность питаться в столовой, поэтому питание доставляется в термосах. Качество еды оставляет желать лучшего. Будет ли усиление контроля со стороны ответственных лиц за качеством еды?»

Ответ: «В ТОО «АНПЗ», согласно приказу №601н от 31 декабря 2020 года, избрана специальная уполномоченная бракеражная комиссия из сотрудников ТОО «АНПЗ», которая осуществляет контроль за правильной организацией питания, соблюдением технологии и качеством приготовления пищи и выпускаемой продукции, а также санитарно-гигиенических требований при раздаче пищи в пунктах питания.

Бракераж – это снятие пробы путем органолептических показателей, то есть проведение оценки внешнего вида продукта и его вкусовых качеств. Бракеражная комиссия состоит из работников структурных подразделений ТОО «АНПЗ».

В случае возникновения замечаний и предложений необходимо обратиться к членам бракеражной комиссии, а также к специалисту отдела управления персоналом по номеру: 59-7-30.

Вопрос направлен в бракеражную комиссию для решения.

«НОВАТОР» басылымы
№10. 20 мамыр 2022 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gerona» ЖШС
баспаханасында басылды.
Алматы қ, Помяловский к-сі,
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39
Тиражи 1200 дана
Тапсырыс № 690

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС
ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:
бастығының м.а. Ш.Какимжанова
«MEDYAGROUP» ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
редакторлар: Ш.Текеева,
А.Қанатаева.

Газет
Қазақстан Республикасының
баспасөз және бұқаралық
ақпарат министрлігінде
1992 жылғы 27 мамырда
тіркеліп, тіркеу туралы
№790 куәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

НОВАТОР